ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМИ ОРТАЛЫҒЫ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ

МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ НА
ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«НАЦИОНАЛЬНЫЙ НАУЧНЫЙ ЦЕНТР
ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

БҰЙРЫҚ

«12» қаңтар 2026

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 28-0

город Алматы

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 508-тармақтарына сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының «Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы» Заңының 16-баптың 3-тармағының 25) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалған бір ғана тұлға тарапынан көрсетілетінін ескере отырып, бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы сатып алу келесі қызметтер бойынша жүзеге асырылсын:

1) техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес мемлекеттік органдардың Бірыңғай телекоммуникациялық желісі (МОБКО) бойынша байланыс қызметтері;

2) техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес МОБКО-ға қосылу үшін біржолғы төлем;

3) мемлекеттік сатып алу веб-порталын пайдалану (кол жеткізу) қызметтері;

4) техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сәйкес пошта қызметтері.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мемлекеттік сатып алу бөлімі:

3. – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 6-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру **қағидаттарын** сақтай отырып өнім берушіні анықтау;

4. – өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

5. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу қағидаттарын сақтау үшін жауапкершілікті өз мойныма аламын.

Директордың міндетін атқарушы **Г.Рыскулов**